

Қазақстанда балаларға қатысты зорлық-зомбылықты түп-тамырымен жою



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

unicef

әрбір бала үшін

Мәселенің ауқымы



Қазақстандағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау нәтижелері **балалық шақта зорлық-зомбылық көру Қазақстан үшін кеңінен таралған жағдай** екендігін көрсетеді.



Отбасында, мектепке дейінгі мекемелерде балаларды ұрып-соғуға немесе денесіне қол жұмсауға әлі күнге дейін заң жүзінде тыйым салынбаған.

33%

Балаларды қорғау мамандарының әлі күнге дейін балаларды тәртіпке келтіру және бақылауда ұстау үшін дене жазасын қолдануды мақұлдайды.



Ата-аналардың/ересектердің **төрттен үші** немесе 74,3 пайызы балаларды үйде тәртіпке салу үшін зорлық-зомбылық қолданған.

Ата-аналардың / ересектердің


72,2%

психологиялық зорлық-зомбылық қолданған.

Олардың

30,6%

физикалық күш қолданған.



Ата-аналардың/ересектердің **төрттен бірі** немесе 28,6 пайызы соңғы екі жылда балаларын үйде тәртіпке келтіру үшін психологиялық және физикалық зорлық-зомбылық қолданған.

Түйткілді мәселелер

1

Зорлық-зомбылық, қатыгездікке тап болғандар және немқұрайлылық жағдайындағылар арнайы әлеуметтік қызметтерді тікелей пайдалануға құқысыз, алайда, осындай зорлық-зомбылық нәтижесінде әлеуметтік депривацияға және әлеуметтік бейімсіздікке ұшыраған жағдайда ғана арнайы әлеуметтік қызметке қол жеткізу мүмкін болады.

2

Барлық секторлардағы әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы да, мәртебесі де төмен. Ынталандыру, жұмыс тиімділігін бағалау және супервизия әр секторда әртүрлі.

3

Әртүрлі университеттердің, оқу орталықтарының, БҰҰ агенттіктерінің және ҰЕҰ бастамасымен балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен күресу бойынша тренингтер өткізіледі, бірақ олар сертификатталмаған және барлық пәндер мен сыныптар бойынша біркелкі өткізілмейді.

4

Осы күнге дейін балаға қатыгездік көрсету, психологиялық зорлық-зомбылық, қатыгездік, қорлау, әлімжеттік жасау (буллинг) және өз-өзіне зақым келтірудің нақты анықтамалары заңнамада жоқ.

5

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек әйелдерге ғана қатысты емес, әйелдер мен балаларға бірдей қатысты қарастырылу қажет.

6

Қазақстанда балаларды қорғау/балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен күресу бойынша орталықтандырылған және бірыңғай жүйе жоқ.

7

Іс жүзінде зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға арналған мамандандырылған қызметтер жоқ.

Сараптама



Қазақстандағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және шара қолдану жүйесін 2011-2020 жж. аралығында қалыптастырушы бағалау нәтижелері бойынша қабылданатын шаралар.



Бағалау нысаны – Қазақстандағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің және қараусыз қалдырудың алдын алу және шара қолдану жүйесі.

ӘДІСТЕМЕ. Зерттеу келесі әдістер арқылы жүргізілген:

Қосалқы дерек көздеріне кең ауқымды талдау жасау.

Заңнамаға және саясатқа, сонымен қатар негізгі зерттеу құралдарына талдау жасау.



Әдістеме осы бағалаудағы бастапқы зерттеулер негізінде келесі сапалық құралдарға сүйеніп жасалған:

негізгі ақпарат берушілермен сұхбат

талқылау фокус-топтары

тақырыптық зерттеулер


ата-аналармен фокус-топтар

Бұл бағалау неліктен маңызды?

Зорлық-зомбылықтың балалар үшін салдары әдетте ұрпақтан-ұрпаққа беріледі, ал бала кезінде зорлық-зомбылыққа ұшырағандар есейгенде қатыгез ересектерге айналуы әбден мүмкін.

Озбыр отбасында өскен балалар:

- бала кезінде зорлық көрген болуы мүмкін
- оқуда қиындықтарға тап болуы, әлеуметтік дағдылары шектеулі ықтимал
- зорлық-зомбылыққа, қауіпті істерге қатысу мүмкіндігі жоғары
- депрессияға немесе қатты алаңдаушылыққа шалдығуы мүмкін.



Қазақстанда балаларға қатысты зорлық-зомбылық әлі де едәуір алаңдаушылық туғызып отыр.

Отбасында зорлық-зомбылық көрген балалар әртүрлі ауыр және ұзақ мерзімді жапа шегуі мүмкін екендігі туралы дәлелдер бар.

Негізгі нәтижелер



Президент пен Үкімет тарапынан бірінші кезекте инвестиция бағыттауды және назар аударуды талап ететін екі компонент бар: **(1) алдын алу және шара қолдану қызметтері және (2) орталық және жергілікті басқару.**

Қазақстандағы балаларды қорғау жүйесі соңғы 10 жылда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді: көптеген ұлттық заңдар, саясаттар, хаттамалар және жұмыс стандарттары қабылданды.



Сектораралық консультациялар, үйлестіру және оқыту жеткілікті бола тұра балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен тиісінше күресудің **ортақ пайымы пен жоспары жоқ.**



Шұғыл түрде жаңа қызметтерді құру және күшейту қажет, өйткені, бұрыннан бар қызметтер алдын алудың, қолдаудың және оңалтудың кейбір элементтерімен ғана шектелетіндігін көрсетіп отыр.



Орталық деңгейде де, жергілікті деңгейде де **балаларды қорғау жүйесін басқаруды шұғыл күшейту қажет.**



Тәуекел тобындағы немесе зорлық-зомбылық құрбандары болған балаларға көпсалалы және пәнаралық қолдау көрсету әлі де жүйесіз.

Бірінші кезектегі ұсынымдар

Алдын алу және шара қолдану қызметтері



1

Бүкіл секторда бастапқы профилактика қызметтерінің болуын, қамту аясын және қолжетімділігін жақсарту.

2

Зорлық-зомбылық құрбандары болған/ зардап шеккен балаларға және олардың отбасыларына кешенді күтім және қолдау көрсету қызметтерінің болуын, қамту аясын және қолжетімділігін жақсарту.

Балаларды қорғау жүйесін басқару



1

Саясат әзірлеу, қорғау және жүзеге асыру үшін министрліктер арасында және ведомствоаралық үйлестіруді және есептілікті күшейту (орталық деңгей).

2

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және шара қолдану қызметтерін жоспарлау және көрсету бойынша облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктердегі үйлестіруді күшейту.

Екінші кезектегі ұсынымдар



Заңдар мен саясаттар

Балаларды отбасында және балабақшада дене жазалауынан, психологиялық зорлық-зомбылықтан және қудалаудан құқықтық қорғауды күшейту.

Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға арналған мамандандырылған қызметтердің құқықтық негізін нығайту.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық бойынша алдағы 10 жылға арналған бірыңғай жоғары деңгейлі тұжырымдаманы нығайту және бекіту.



Қадағалау және мониторинг

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен күрес бойынша ұлттық саясаттар мен бағдарламалар үшін ақпарат ұсыну және мониторинг жүргізу мақсатында балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы мәліметтер мен көрсеткіштерді пайдалану бойынша үкімет әлеуетін күшейту.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алумен және шара қолданумен айналысатын барлық қызметтер үшін жалпы салааралық минималды стандарттар мен процедуралар әзірлеу.



Адами және қаржылық ресурстар

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен күресу бағдарламаларына және қызметтеріне қажетті қаржы ресурстарын бөлу және олардың экономикалық тиімділігін бағалау бойынша үкімет әлеуетін күшейту.

Түрлі секторлардағы әлеуметтік кадр санын, әлеуетін және ұйымшылдығын арттыру.



2030 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТ: Қыздарға, ұлдарға және жасөспірімдерге зорлық-зомбылық көрсетілмейтін Қазақстан.




ЫҚПАЛ: Қазақстандағы барлық қыздар, ұлдар мен жасөспірімдер зорлық-зомбылықтың барлық түрінен ада ортада өседі; ал зорлық-зомбылық көргендері физикалық, психикалық және әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету үшін қажетті күтімге, қолдауға, әділ сотқа және басқа да қызметтерге неғұрлым кең ауқымда қол жеткізе алады.



СЕРПІЛІСТІ НӘТИЖЕ: балаларды зорлық-зомбылықтан жақсырақ қорғауды қамтамасыз ету үшін өзінің жекелеген компоненттерінің және қатысушыларының қазіргі МҮМКІНДІКТЕРІН арттыра түсетін ҚАЛЫПТАСҚАН КӨПСЕКТОРЛЫ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ.

Қазақстандағы балаларды қорғау жүйесін басқарудың қайта қаралған құрылымы

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және шара қолдану үшін қоғамның әртүрлі секторлары бірлесіп жұмыс істеуі қажет.



БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Айсұлу Бекмұса
Бала құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы
Қазақстандағы ЮНИСЕФ Өкілдігі
abekmussa@unicef.org

Азамат Жаманшинов
Бала құқықтарын қорғау жөніндегі үйлестіруші
Қазақстандағы ЮНИСЕФ Өкілдігі
azhamanchinov@unicef.org